# Әйелдерге қарсы жасалған қылмыстардың криминологиялық сипаттамасы.



# Әйелдермен жасалған қылмыстылық. 1. Жалпы сипаттамасы.

Әйелдермен жасалған қылмыстардың басқа қылмыстарға қарағанда ерекшеліктерін айтып өтеміз.

Әйелдермен жасалған қылмыстылықтың ең басты ерекшелігі: мұндай қылмыстылықты жасаушы субъекті тек қана 14 жастан (кейбір қылмыстар бойынша 16 жастан) асқан есі дұрыс әйел адамдар.

Мұндай қылмыстылықтардың кінә нысаны: қасақаналық та, абайсыздық та болады.

Қылмыстық қолсұғушылық объектісі – қылмыстық құқықта көрсетілген барлық объектілер болуы мүмкін.

# 2. Әйелдермен жасалатын қылмыстылықтың 2010-2014 жыл аралықтарындағы сандық көрсеткіштері

| Жылдар | Жалпы жасалған қылмыстар саны | Әйелдер жасалған қылмыстардың саны | Динамикасы (базистік әдіс) | Динамикасы (жалғаспалы әдіс) | Аталмыш қылмыстылықтың өсімі |
|---|---|---|---|---|---|
| 2010 ж. | 132183 | 10668 | - | - | +901 |
| 2011 ж. | 204212 | 10348 | -3% | -3% | -320 |
| 2012 ж. | 306898 | 12484 | +17% | +20% | +2136 |
| 2013 ж. | 386710 | 14744 | +38% | +18% | +2260 |
| 2014 ж. | 377330 | 16608 | +55% | +12% | +1864 |


20000
18000
16000
14000
12000
10000
Қылмыстылықтың 5 жылдық өсімі
10668
10348
14744
2010 ж.
2011ж.
2012 ж.
2013 ж.
2014 ж.

# 4. Әйелдермен жасалатын қылмыстылықтың деңгейі, динамикасы және құрылымына жалпы сипаттама
















Жалпы жоғарыда көрсетілген кесте мен графиктегі мәліметтерге сүйенетін болсақ, әйелдермен жасалған қылмыстардың соңғы 5 жыл ішіндегі басым көпшілігі 2014 жылы жасалса, ең аз мөлшері 2011 жылы жасалған. Ал бұл қылмыстылықтың өсіміне келетін болсақ, ағымдағы жылдан былтырғы жылға қарағандағы ең аз мөлшер 2011 жылдан 2010 жылға қарағандағы кезең болса, ал ең көп мөлшер 2013 жылды 2012 жылмен салыстырғандағы кезең.

# 5. Әйелдермен жасалған қылмыстылықтың себептері мен салдары



Әйелдермен жасалатын қылмыстылықты келесідей құбылыстармен байланыстыруға болады: 1. әйел адамдардың ер адамдармен бірдей және бір деңгейде қоғамдық өндірісте қызмет етуі; 2. қоғамдағы әлеуметтік институттардың төмендеуі, әсіресе отбасы институтының нашарлауы; 3. қоғамдағы агрессияның, өзара қырқыстардың көбейгендігі; 4. Наркотизм, алкоголизм, жөзекшелік, қайыршылық, қаңғыбастық секілді антиқоғамдық құбылыстардың өсуі; 5. мемлекеттегі экономикалық жағдайдың күрт төмендеуі; 6. Отбасындағы немесе білім беру ордаларында тәрбие беру іс-әрекеттерінің төмендеу құбылысы. Және т.б.

## 6. Әйелдермен жасалған қылмыстылықтың алдын-алу шаралары



Әйелдермен жасалатын қылмыстылықтың алдын-алу шаралары олармен күресумен бірге жүру қажет. Ол үшін біз келесідей алдын алу шараларын қарастырдық: 1. Әйелдердің қоғамдағы рөлін өзгерту, яғни, оларды ер адамдармен салыстырғанда оңай қызметпен қамтамасыз ету; 2. Әйелдерге қатысты адамгершілік және мейірімділік көрсету принципінің орын алуы; 3. Әйеллдермен жасалатын қылмыстардың қай салада көп жасалатынын анықтап, сол салаларды алдын алу шараларымен қамту; 4. мемлекеттегі жүргізіліп жатқан гендік саясатты одан ары дамыту; 5. Отбасынан айырылысқан және өзге де негіздерде күйеусіз қалған әйел адамдарға әлеуметтік көмек көрсету; 6. Отбасында немесе оқу орындарында жасөспірім қыздардың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу; 7. Діни тұрғыдан олардың рухани байыту; және т.б.

7. Әйелдермен жасалатын қылмыстылықтың субъектілері



Мұндай қылмыстылықтың субъектілері тек қана әйел адамдар болады.

Жасы бойынша ерекшелігіне келетін болсақ, бұл қылмыстарды жасайтын әйел адамдардың бас көпшілігі: 25-40 жас аралығында, одан кейін 40-50, кейінгі тобы 25 төмен және 50-ден жоғары жастағы әйел адамдар.

Білімі бойынша: орта білімді немесе ешқандай білімі жоқ тұлғалар басым, ал жоғары білімді қылмыскерлер аз болады.

Жасалатын басым көпшілік қылмыстар: 1) меншікке қарсы қылмыстар; 2) мемлекеттік қызмет саласындағы қылмыстар; 3) жеке адамға қарсы қылмыстар; 4) халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстар; 5) медициналық қылмыстар;

# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!

Орындаған: Болатбаев Абзал. Ю(К)-303 тобы.

